

**«Әулет» мектептен тыс жұмыс орталығы
«Жұлдыз» балалар аулалық клубы**

Тақырыбы:
«Айбарлы асқар елді асқақтатар - Ата Заң»



Орындаған: «Әнші балапандар»
үйірме жетекшісі: Ганибал Клара

Көкшетау 2015 жыл

Тақырыбы: «Айбарлы асқар елді асқақтатар - Ата Заң»

I. Жүргізуші: Мағау Дильназ

II. Жүргізуші: Ганибал Клара



Мақсаты: Еліміздің Ата заңы жөнінде түсінікті тереңдету.

Білімділік: Оқушыларға Конституция ұғымы, тараулары, қабылдануы, қазіргі кездегі қолданысы жөнінде түсіндіре отырып, бүгінгі өмірмен байланыстыра білім беру.

Дамытушылық: Түрлі сұрақтар, суреттер арқылы баланы ойланта отырып, олардың көзқарасын танытуға мүмкіндік жасау, сөйлеу мәдениетін жетілдіру.

Тәрбиелік: Өзіндік көзқарасы бар ұлтжанды азамат тәрбиелеу, оқушыларға патриоттық тәрбие беру.

1-жүргізуші:

Құрметті оқушылар және қонақтары! Конституция күніне арналған «Айбарлы асқар елді асқақтатар Ата Заң» атты салтанатты кешімізді ашық деп жариялаймыз!

Ән: (Хормен)

Қазақстан Республикасыны Мемлекеттік Әнұран

Ел тәуелсіздігінің кепілі- Қазақстан Республикасының Конституцияы қоғамның негізгі міндеттеріне сай келетіндігін бүкіл әлем жұртшылығы танып отыр.

2-жүргізуші:

Ой қозғау

Тәуелсіз мемлекет, егеменді ел болудың қыруар қиындығы ерекше жауапкершілігімен қатар, бірқатар шартты, басты – басты белгілері бар екені мәлім. Солардың арасында елдің елдігін танытып тұратын айрықша мәнділері – Елтанба, Ту және Әнұран. Өз еліне ғана тән мұндай белгілері

жоқ мемлекет дербес, тәуелсіз бола алмайды, Ата Заңымызда да көрсетілген.

Ту бейбіт кезде құрметпен сақталып, ол тек жауға шыққан кезде шығалылып отырған. Тудан айырылу өліммен бірдей болған. Өздеріңізге белгілі, қазақ жеріне көз тігушілер аз болмаған. Сондай бір қиын қыстау кезеңде ұлы дана бабаларымыз төле би, Қазыбек би, Әйтеке би



хан ордасында кездескеннен кейін, Абылай хан үш жүздің басын қосып, Бөгенбай батырға қазақтың туын ұстатқан екен.

1. Жүргізуші

Тудың авторы еліміздегі дизайнерлік өнердің іргетасын қалаушылардың бірі, Чехословакияда өткізілген (1961ж) халықаралық дизайнерлер байқауының алтын жүлдегері, Алматы қаласының бас суретшісі –Шәкен Оңдасынұлы Ниязбеков ағамыз.



Ал, балалар, ту туралы өздерің не білесіңдер?

- а. Тудың түсі қандай? **көгілдір**
- ә. Ортасында қандай бейне бейнеленген? **Күн, бүркіт**
- б. Жеті немен өрнектелген? **Алтын түсті оюмен өрнектелген**

Ендеше балалар ақын Абзал Бекенов ағамыз айтқандай, 1992 жыл 4 маусымда Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Ту шашағын сүйіп тұрып «мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздік қасиетті туы мәңгі сөнбесін» деген.

Ендеше сіздердің назарларыңызға Мұханғали Мұхаммед пен Тіржан Әділжанның орындауында «**Көк тудың желбірегені**» әнін қабыл алыңыздар.

2-жүргізуші:

Қазақстан Республикасының Мамлекеттік Туы –ортасында шұғылалы күн, оның ортасында қалықтап қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Туымыздың көк теңбіл аспан көк болуы шексіз кеңдікті көрсетеді, тудың ортасындағы алтын күн –халқымыздың азаматтық күні, ол бүгін әлемге нұрын шашып тұр. Ұзындығы -2 метр, ені -1 метр.

Туды сабындық тұсында ұлттық өрнек нақышталған көк жолақ көктеп өтеді. Күн, шұғыла, қыран және өрнек бейнелері алтын түстес.

Балалар егер туға зер салсақ, автордың оны жасағанда үлкен мазмұнды ойластырғанын байқаймыз. Көк жүзіне нұрын шашқан күн сәулесі, астында қияға қанат қаққан қыран –тыныштықты, біркелкі өмірдің белгісі, ал ою - өрнек тудың қай елдікі екенің аңғартады. Сары түс –байлық пен берекенің белгісі.

1. Жүргізуші:

Алдарыңызда кішкентай жұлдызымыз Ильясова Әлияның орындауында «Туған жер» .

«Елтаңба» сөзі –немісше – «наследство», полякша – «эмблема» деген сөздерден шыққан. Елтаңбаның мөрге бедерлеп түсірілген бейнесі, мемлекет, үкімет атынан қабылданған немесе басқа да ресми құжатқа басылады.

Жалпы нышандар көптеген халықтар тарихында ерте дүниеден бері кездеседі. Елтаңбаның тарихи бастауында мөр таңбасы тұрғанын мойындау керек. Ол меншікті, билікті ажыратқан.

Ал бүгінгі таңба Елтаңбамызда не бейнеленген екен, соған тоқталайық.



«Мен жұлдызбын, ұдайы жарқырап, жанып тұрамын. Көк жүзінде адамзат баласына үстемдік сыйлаймын. Менің мекенім көк жүзінде болғандықта, қазақ даласының өкілінен де, болашағынан да хабардарым» – дегенді білдірген.

II. Жүргізуші

Кім айта алар: «Болмады деп Әнұран» деп ақын жүрегі жырлағандай біздің мемлекеттік нышандарымыздың бірі -Әнұран жайында пікірлерімізді ортаға салайық.

Елімізді әлемге паш етін, туы желбіреп төрде тұрса, қақ ортада Елтаңбамыз намысты оятып еңсені көтерсе, рухты тебіренер Әнұранымыздың бар екенін айдан анық.

Сөзін жазған: Нұрсұлтан Назарбаев және Жүмекен Нәжімеденов болса

Музыкасын жазған: Шәмші Қалдаяқов



1.Жүргізуші

Егемендігім- елдігім,
Баянды болсын теңдігім!
Дәуірдің күрестерінде,
Үзілмесін белдігін.

Ән: «Аманат» орындайтын «Little stars» вокалдық тобы

2-жүргізуші:

Дарытпай бойға кеселді,
Шайқалтпай күміс кесенді,
Әділдік жолмен алып қал,

Тарихта кеткен есенді – дей келе, бүгінгі іс-шарадан алған сезіммен, лебізімізді ақ параққа естелік ретінде бейнелейік. (сурет салу, тақпақ құрастыру, лебіз білдіру т.б)

1-жүргізуші:

Тамырын жайған тереңге,
Төзімін ұқсап еменге,
Тамсанып тұрсын өзге жұрт,
Қазақтың елі дегенде!

2-жүргізуші:

Ата заңым – барлық заңның негізі,
Ата Заңым бабалардың лебізі.
Арқа сүйер Ата заңға адамдар,
Артық санау, кемсітудің жоқ ізі.

Хор: «**Жаса, Қазақстан**»

2 жүргізуші

Құрметті оқушылар және қонақтары. Конституция күніне арналған «**Айбарлы асқар елді асқақтатар Ата Заң**» атты салтанатты кешіміз өз мәресіне жетті. Тәуелсіз елімізде қазақ елінің рухы асқақтай берсін деген ниетпен, Отбасыларыңызға амандық, Елімізге тыныштық тілейміз!

1,2-жүргізуші: Жаса, асқақтай бер Ата заң!